

Жазықсыз жапа шеккендер



*Отыз жеті қара жел есімдегі,
Ұрпақ оны тарихқа көшірмеді,
«Халық жауы» атанды
жазықсыздар,
Ұзақ уақыт естілмей есімдері.
М.Ысқақова.*

Отызыншы жылдардың ойраны қазақ даласына өлшеусіз ауыртпалықтар әкелгені белгілі. Бұл кезде еш жазықсыз жандар ойдан шыққан жалалардың құрбаны болып, оларға тойтарыс бере алмады. Сондай адамдардың қатарында жерлестеріміз, ерлі-зайыпты Мәжен мен Торғай

жанқиярлық еңбек атқарды. Ерлі-зайыпты белсенді коммунистер партия қайда жұмсаса да, күш-жігерлерін сарқа жұмсап, ел еңсесін көтеру үшін қолдан келгеннің бәрін жасап бақты. Жас баласын енесінің қолында қалдырып, партия тапсырмасымен Торғай Сүлейменова 1934 жылы Еркіншілік ауданына барып, аудандық әйелдер советін құрды. Бірер жыл сол Советті басқарды. 1934 жылы жас отаудың Еркін атты екінші сәбилері дүниеге келді.

Мәженнің анасы - Жігіт әжейдің ұлы мен келіні үкімет жұмысында беделге ие

болып, ел аузына іліге бастайды. Екеуі де ауылдағы алғашқы сауатсыздық жою мектептерінде сауттарын ашып, алғашқы «Қосшы» ұйымына кіреді. Мәжен қазіргі Көбетей ауылына қарасты, сол кездегі Шахаман ауылында 1937 жылдың сәуір айына дейін ауылдың кеңес төрағасы, ал Торғай сол 1937 жылдың наурыз айына дейін осындағы кішкене



Сүлейменовтер болды. Олар «халық жауы» деген айыппен атылып кеткен еді. Ату жазасына кесілгенде, қос боздақтың бірі 42-ге келген жас жігіт, екіншісі 33-ке жаңа ғана келген жас келіншек еді.

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында жерлестеріміз Мәжен Сүлейменов пен Торғай Сүлейменоваға арналған «Жазықсыз жапа шеккендер» атты өлкетану сабағы «Жасөспірімдер» тобы арасында өткізілді. Бұл сабақтан балалар ерлі-зайыптылардың өмірінен көп мағлұмат алып, «Нұрам менің, ғұмыры дастан өлім» атты викторинаға қатысып, «Тағдырлар тарихы» атты кітап көрмесімен танысты.

Мәжен Сүлейменов 1894 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданындағы Амантау деген жерде дүниеге келген. Бала кезінен өмірдің ащысы мен тұщысын көрген сауатты, еңбекқор адам болған. Сауатты азамат жаңа заман лебін жақсы түсініп, азаттықты аңсаған елінің ертеңі үшін жас Кеңес өкіметін барынша жақтап бақты. Ағайын-жұртына қадірлі азаматты үкімет те жатсынбай, ел басқару ісіне тартты.

Жаңа өмір жолындағы күресте шыңдалған Мәжен сол тұста ел ішіндегі саусақпен санарлықтай жаңаша сауатты қазақ қыздарының бірі, жергілікті үкімет құрамында жауапты қызмет атқаратын Торғай Қиымқызына (1904 жылы Көкмөлдір ауылында дүниеге келген) үйленіп, шаңырақ көтереді. 1931 жылы жас шаңырақты тұңғышы – Сайдалы дүниеге келеді.

1932-33 жылдардағы ақсирақ аштықтан аман қалған елдің басын біріктіріп, колхоз құруда Мәжен мен Торғай Сүлейменовтер

колхоз басқармасының төрағасы болған Маңайдағы ауылдар мен ағайын-туысқандардың басын қосып, «Шахаман» атты колхоздың ірге тасын көтерген.

Жігіт әжей қос құлының осындай дәрежеге жеткеніне шүкіршілік етіп, тағдырына мың мәрте тәуба қылды. Бірақ, тағдыр талайымы алда екен...

Торғай Сүлейменова 1937 жылдың наурыз айында, Мәжен Сүлейменов 1937 жылдың сәуір айында тұтқынға алынды. Айыптары: 1936 жылы Қарағанды өз алдына жеке облыс болып құрылғанда, облыстық атқару комитетінің төрағасы, белгілі қоғам қайраткері, әрі өзіміздің жерлесіміз Абдолла Асылбеков Сүлейменовтер отбасының үйіне келіп тоқтайды. Міне, Осы Абдолла Асылбеков «халық жауы» атанып қамалғанда, ауылдың кейбір жалақорлары, күншілдері ерлі-зайыпты Сүлейменовтер «халық жауының сыбайластары, соның астыртын ұйымында болған» деп НКВД-ға арыз түсіреді. Ерлі-зайыптыларды бірінен соң бірін тұтқындап, Қарағандыға алып кетеді.

«Атаның баласын болма, адамның баласы бол» деп данышпан Абай атамыз айтқандай, Мәжен мен Торғай Сүлейменовтер жалпы халқының азаматтары болды, сондықтан да мәңгі есте сақтау үшін 1993 жылы шілде айының 6 жұлдызында Киевка кенті тұрғындары жиналысының хаттамасы жөне халық депутаттары кент Кеңесінің «Көше аттарын өзгерту туралы» №32 қаулысы негіздерінде аудан өкімінің шешімімен осы кенттегі Киевская көшесі Мәжен мен Торғай Сүлейменовтер көшесі болып өзгертілді.

**Г.Алибекова,
«Шабыт» клубының мүшесі**